ХАЛЫҚ ИГІЛІП - ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ЗАҢ — БЛАГО НАРОДА - ВЫСШИЙ ЗАКОН

# Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издается с 28 июня 1999 года

№ 41 (887) | 16 қазан 2015 жыл | Жұма

**ПОДПИСКА 2016**
*Уважаемые читатели!*
Началась подписка на газету «Бастау» на 2016 год.
*Цена подписки:*
Через «Казпочту» для жителей города Уштобе
На 1 год – **3348,24** тенге
Для сельского населения
На 1 год – **3501,00** тенге
Кроме того, производится альтернативная подписка с получением газет в редакции.
Стоимость подписки на 1 год – **2400** тенге.
Телефоны для справок:
**2-10-71; 2-17-88.**
Подписной индекс 65753

## АЙДЫНУ АИМБЕТОВУ присвоено звание «ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ»

**Высшая государственная награда - звание «Халық қаһарманы» присвоено космонавту, нашему земляку *Айдыну Аимбетову*.**

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев своим Указом присвоил космонавту Айдыну Аимбетову звание «Халық қаһарманы».

«За выдающиеся заслуги в освоении космического пространства, героизм и мужество, проявленные при выполнении космического полета, присвоить звание "Халық қаһарманы" с вручением знака особого отличия - Золотой звезды и ордена "Отан" Аимбетову Айдыну Акановичу - космонавту Республики Казахстан», - говорится в Указе, размещенном на официальном сайте президента Казахстана.

Кроме того, еще одним Указом главы государства «За заслуги в развитии космонавтики, успешное выполнение программы полета на космическом корабле "Союз ТМА-16М" Аимбетову присвоено звание «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы» (Казахстанский летчик-космонавт).

## Встреча в теплом кругу

Ежегодно декада пожилых людей начинается первого октября, и является важным событием. В эти дни повсеместно проходят чествования пенсионеров. К ним наведываются в гости с подарками и поздравлениями работники исполнительной власти, сотрудники предприятий и организаций, предприниматели. В честь ветеранов проводят торжественные мероприятия, накрывают богатый дастархан. Так, в начале недели в здании райфилиала партии «Нур Отан» состоялась встреча акима района с ветеранами труда, которые в свое время посвятили жизнь сфере образования, транспорта и др. Находясь на заслуженном отдыхе, они продолжают заниматься активной общественной деятельностью, являя собой пример для всех остальных.

В ходе встречи за праздничным дастарханом, глава района Кайрат Бисембаев тепло побеседовал с пенсионерами. Он рассказал им о социально-экономическом развитии района, проблемами, которые предстоит решить и поделился дальнейшими планами по реализации государственных программ. Приглашенные в свою очередь рассказывали акиму о делах житейских, обсуждали различные вопросы и благодарили за оказанный прием. По окончании, заместитель председателя райфилиала партии «Нур Отан» Берик Абаков вручил каждому памятный подарок.

*А. БУЛАВИН*

**Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын, «Нұр Отан» партиясы Саяси доктринасы мен Халықтық тұғырнамасын және жол қозғалысы қауіпсіздік ережесін түсіндіруге бағытталған акциясы «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Жолда қабылдау» шарасы аудандық мемлекеттік көлік жол патруль тобымен бірігіп Үштөбе қаласы орталық «Жетісу» базарының алдында өткізілді.**

## Жол қауіпсіздігі – басты назарда

Акцияға «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының қызметкері Б.Сулейменова, «Жас Отан» ЖҚ хатшысы Е.Накипов, Қаратал аудандық мемлекеттік көлік жол патруль тобының полиция аға сержанты Қ.Шайзанов және БАҚ өкілдері қатысты.

Акцияның мақсаты - тұрғындарға құқықтық көмек көрсету, азаматтық қоғамының ішкі құрылымында саяси белсенділікті қалыптастыру, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік құрылымдарға, сондай-ақ, әкімшілік полициясы қызметіне тұрғындардың сенімін арттыру, азаматтардың жеке түсініктері мен жауапкершіліктерін сезіндіру, партия мен тұрғындар арасындағы байланысты нығайту.

Аталған іс-шараларды өткізу барысында келген барлық азаматтарға «Нұр Отан» партиясы мен жол патруль тобының қызметкерлері тиісті кеңестер мен заң аясында түсіндірулер берлді. Тұрғындарға жеке мәселелері бойынша қоғамдық қабылдау ұйымдастырылды.

*Бастау ақпарат*

**Сувениры**
в большом ассортименте в Каратальской типографии
Телефоны:
**2-10-71, 2-17-88**

## Аудандық әкімдікте

**Өткен дүйсенбіде Қаратал ауданы әкімдігінің мәжілісі болып өтті. Аудан әкімі Қайрат Бисембаевтың төрағалығымен өткен отырыстың күн тәртібінде ауданның мемлекеттік мекемелерінде Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң талаптарының сақталу жағдайы туралы мәселе қаралды. Қаралған мәселе бойынша баяндаманы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж. Теберіков жасады. Жекен Молдағалиұлы Қаратал ауданының әкімдігі мемлекеттік мекемелерде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң талаптарының сақталуын бақылау барысында бірқатар жұмыстар атқарғанын атап өтті.**

## КҮН ТӘРТІБІНДЕ – ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлкеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында облыстық бюджеттен 2014 жылы-3.609мың.тг, 2015 жылы-3.836мың. теңге қаржы бөлінді.

Ауданымызда 2007 жылы ашылған мемлекеттік тілді оқыту орталығында бүгінге 1110 тыңдаушы дәріс алды. Оның 110-на сертификат табысталып, 880-не куәліктер тапсырылды және келесі топтарға көшірілді.

Мемлекеттік «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша ауданда тестілеуден өткен қызметкерлер саны 2014 жылы – 1142 адам болса, 2015 жылы – 1161, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер саны 122.

ҚР Білім және ғылым министрлігі ұлттық тестілеу орталығы тарапынан 2014 жылы 92 мемлекеттік қызметкер, 2015 жылы 262 бюджеттік сала қызметкерлері зерделеу сынағынан өтті.

Тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының жоспарына сәйкес ауданда тілге қатысты іс-шаралар өткізілді. Байқау жеңімпаздары облыстық, республикалық тілдік байқауларға қатысып, нәтижесінде бір бас жүлде, 2-екінші орын, 3-үшінші орын, 3-ынталандыру сыйлықтарын иеленді.

Тіл саясатының құрамдас бөлігі болып табылатын ономастика саласы бойынша аудандағы 3 мектептің атауы өзгертіліп, өзгертуге жататын 1 ауылдық округ, 2 елді мекен, 20 көше атауларын өзгертуге қатысты құжаттар дайындалды.

Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен ауданның елді мекендеріндегі көрнекі ақпарат, жарнамалар мен маңдайшалардың жай-күйін зерделеу мақсатында жүргізілген үш рейдте 123 нысан қамтылып, 37-де заң бұзушылық анықталып, жіберілген кемшіліктер түзетілді. Рейд қорытындылары аудандық газеттер бетінде жарық көрді.

Бүгінге аудан бойынша құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясы 99,7% құрады. Тілдік ахуалды бақылауда ұстау мақсатында аудан әкімінің апта сайынғы лездемесінде тілдік ақпарат сарапталып, кемшілік жіберген мекемелерге ескертулер жасалады.

Өз баяндамасында бөлім басшысы атқарылған жұмысты сараптай келе, жетістіктермен қатар орын алған кемшіліктерді де айтты.

Апта сайынғы бөлімге берілетін тілдік ақпарларда барлық мекемелердің тілдік көрсеткіші (шығыс құжаттары) 100% деп көрсетілуде. Алайда тексеру барысында кейбір мекемелерден аудандағы мекемелерге орыс тілінде түскен хаттар анықталып отыр. Сонымен қатар біраз мекемелер тілдік жоспарды ғана құрып, апталық тіл ақпаратын беріп отырумен шектелгені белгілі болды. Алдағы уақытта мекеме басшылары тілдік іс-шаралар жұмысын жандандырулары қажет. «Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын бүгінгі күн талабына сай деңгейге көтеру барлық азаматтардың міндеті. Ана тілімізді сақтау, құрметтеу, ардақтау біздің басты міндетіміз және парызымыз екенін ұмытпайық, құрметті әріптестер»,- деп Жекен Молдағалиұлы баяндамасын аяқтады.

Қаралған мәселе бойынша қаулы қабылданып, аудан әкімі жиынды қорытындылады.

*Сарқыт ДӘРКЕНБАЕВА*

**8 октября в актовом зале городского акимата было многолюдно. Сюда были приглашены жители города Уштобе и Бастобинского сельского округа на публичные слушания по новым тарифам на воду. В Департамент Агенства РК по регулированию естественных монополий по Алматинской области была подана заявка по вопросу рассмотрения тарифов на услуги ГКП «Қаратал Су Құбыры» акимата Каратальского района.**

## СОСТОЯЛИСЬ ПУБЛИЧНЫЕ СЛУШАНИЯ

Перед собравшимися с докладом выступил директор ГКП «Қаратал Су Құбыры» Амандос Хабаров, который подробно рассказал о деятельности предприятия. По его словам, в настоящее время ГКП «Қаратал Су құбыры» находится в крайне тяжелом финансовом положении. Из-за низкого действующего тарифа предприятие не в состоянии реагировать на изменение рыночных цен на электроэнергию, материалы, топливо, ГСМ и другие затраты, необходимые для поставки качественных услуг по подаче воды потребителям. Кроме статьи затрат «электроэнергия» другие статьи затрат не изменялись с 2009года. Руководитель предприятия привел расчеты и факты, аргументирующие необходимость повышения тарифов.

Среди выступивших в прениях были представители общественных организаций, предприниматели и т.д. Так, об основных нареканиях и жалобах, поступающих от населения и других вопросах, касающихся водоснабжения выступили депутат раймаслихата С. Даркенбаева, ветераны труда С. Дамебаев, Т. Доненбаев, Т. Кармазина и другие. Также, было высказано ряд предложений и для улучшения работы. В целом, присутствующие пришли к мнению, что повышение тарифов вполне обоснованный шаг и поступившие средства могут пойти на модернизацию технического состояния систем водоснабжения. Кроме того, данная мера повлечет за собой бережное отношение к бесценному дару природы – воде. Окончательное решение по тарифам примет Агенство РК по регулированию естественных монополий, представитель которого также присутствовал на слушаниях. В работе собрания принял участие заместитель акима района ЖанибекТасыбаев.

*Сарқыт САРСЕНКУЛКЫЗЫ.*

Қаратал аудандық
Салық басқармасының басшысы болып

**КЕРІМБЕКОВ ТӨЛЕНДІ НҰРДӘУЛЕТҰЛЫ**

**ТАҒАЙЫНДАЛДЫ**

1972 жылдың 16 ақпанында Панфилов ауданы Жәркент қаласында дүниеге келген.

**Білімі жоғары.**

Ауыл шаруашылық институтын (Агрономия);

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын (Қаржы және несие):

Академик Жолдасбеков атындағы институтын (Заңтану) мамандықтары бойынша тәмамдаған.

**Соңғы істеген жұмыс орындары:**

- 2002–2011 жж. Алматы облысы Салық Департаменті: әртүрлі қызметтерде.
- 2011– 2014 жж. Алматы облысы, Талдықорған қаласы бойынша Салық басқармасы басшысының орынбасары.
- 2014 – 2015 ж.ж. Алматы облысы, Ұйғыр ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы.

Үйленген, 4 баласы бар.

**Календари**
перекидные, отрывные, настенные и т.д. на **2016** год.

Телефоны:
**2-10-71, 2-17-88**

**В М-ЛОМБАРД АКЦИЯ!**
Обращаться по адресу:
г. Уштобе, ул. Гагарина, д. 25,
возле маг. «Алсу»,
тел: 2-19-93
ВОЗЬМИ ДЕНЬГИ БЕЗ ПРОЦЕНТОВ! 0%
● Большие скидки на покупку золотых изделий
● Высокие расценки на золото (до 10500тг.\1 гр.)

## Қанабек Байсеитов - 110

# ЕГІЗ ГҮЛДЕЙ ӨСКЕН ӨНЕР ӨРІНДЕ

## ДЕГЕН СИПАТҚА ӘУЕЛДЕН ИЕ БОЛҒАНИ САХНА САҢЛАҒЫНА ЕЛІНІҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ МЕН ҚҰРМЕТІ ОРТАЙМАҚ ЕМЕС.

Ұшар басы мұзарт шыңнан тұратын биік таудың заңғарлығы алыстаған сайын асқақтай түседі деген бейнелі ұғым қазақ өнерінің тарланы, қазақ театрының қара нары, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жерлесіміз Қанабек Байсейітовтың ( 1905 – 1979жж.) төл табиғатына дөп жарасады. Сөйлемдегі алыстаған сайын тіркесі уыста тұрмас ұшқыр уақытты меңзейді. Демек, биылғы қой жылында туғанына табаны күректей жүз он жыл, дүниеден озғанына отыз алты жыл толып отырған Қанабек ағамыздың қазақ театры (онда да опера театры) мен режиссура, кино, драматургия саласы тарихындағы шарықтай көтерілген шырқау биігі бір сүйем де аласармай, алтын әріппен жазылған есіміне тозаң жұқпай келеді. Неге десеңіз, халықтың қалың ортасынан шыққан тума талант, Алланың бір басына берген: әншілік, актерлік, театр мен кино режиссерлік, қаламгерлік, ең бастысы азаматтық қасиетті тал бойына оңтайлы жымдастыруға білген өнер майталманының іс қызметі мен қолтаңбасы табиғи құндылығымен ерекшеленіп тұратын. Таза асыл тастай мінсіздігі, хас шеберлігі жоғары деңгейдегі өнер туындысын келістіріп жасай білгенділігімен ерекшеленетін. Сүйісінерлігі сол, оның есімі өткен ғасырдағы қазақ өнерінің жарық жұлдыздары: Құрманбек Жандарбеков, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Манарбек Ержанов, Күләш Байсейітова, Шара Жиенқұлова, Шәкен Айманов, Кәукен Кенжетаев, Ғарифолла Құрманғалиев пен т.б. бір деңгейде қатар аталады. Абай атамыздың тілімен айтқанда «Самородный сары алтынның» нақ өзі болатын.

Қаламды серік еткен өзімді қасиетті Қаратал мен қабырғалы Қазалы (Сыр бойы) өңірінің арғы-бергі тарихына дең қойып, зерделеуші, өлкетанушы журналистпін деп білетіндіктен (көпшілік жұрт нақ осылай бағалайды да), Қанабек ағамыздың кейінгі тоқсан және жүз жылдық мерейтойы облыс, аудан аумағында қандай деңгейде өткендігінен бір адамдай хабардармын. Бұл турасында әр жылдары мерзімді баспасөзде жазылып, баяндалғандықтан оны қайталап жатуды артық санадым. Мен бұл жолы кейінгі ширек ғасырда (Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі кезең) облыс, аудан аумағында сахна саңлағының есімін мәңгі есте қалдыру барысында қандай игі шаралар қолға алынғандығы жайлы азды-көпті сыр бөліскенді құп көрдім. Жетісудың кіндік қаласы - Талдықорғандағы музыка колледжі өнер майталманының есімімен аталғанына да баршама уақыт болды. Аталған білім шаңырағында білім алып шыққандар қатарында театр саңлағының жолын қууды мақсат тұтқан қабілетті де дарынды жастар көптен саналады. «Әп, бәрекелді!»,-дейсің ризашылықпен. Ал абзал ағамыздың кіндік қаны тамған топыраққа келетін болсақ, зиялы қауым өкілдерінің өтініш тілегіне орай ҚР Үкіметінің 31.08.2000 жылғы №1325 қаулысы бойынша бұған дейінгі Красный восток мектебіне Қазақстанның халық артисі Қанабек Байсеитов есімі берілгенін айрықша атап өткен жөн. Ал осының алдында ғана 1995 жылы Министрлер Кабинетінің қаулысымен дәстүрлі жер-су атауына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын Красный восток деген атау ауылдың атынан біржолата алынып тасталып, халқымыздың Қанекеңдей мақтан тұтар ұлының есімімен аталған болатын. (Оның тиісті құжаттарын аудандық әкімдіктің сол тұстағы мәдениет және тілдер бөлімінің жауапты қызметкерлері дайындаған болатын.) Қанабектей ардақты ағамыздың есімін қастер тұтуда қолға алынған игі шаралардың дені сахна саңлағының тоқсан жылдық мерейтойынан кейін жүзеге асырылған болатын. Айтылған деректердің қатарына аудан орталығы – Үштөбе қаласы орталық көшесінің бірі Қанекең есімімен аталатының қосса (бұрынғы Садовая көшесі) әбден –ақ жарасады.

Қанабек ағамыздың өнегелі өмір жолынан сыр шертетін «Құштаркөңіл» (А, Жалын, 2005 ж.) мемуарлық кітабында: «Өнер адамы өз халқы үшін еңбек етсе, соның өзі – үлкен сыйапат, ал еңбегін елі бағаласа ол үлкен бақыт. Мен сол үлкен бақытқа ие болдым»,- деп туған еліне деген ризашылық сезімін білдіреді. Осы орайда танымал журналист – жазушы Болат Бодаубайдың атақты композитор Еркегали Рахмадиевпен жүргізген «Қазақ театрының қара нары» сыр-сұхбатында (Егемен Қазақстан», 26.05.2010ж.) Алматы-Талдықорған автотрассасының бойындағы Арқарлы асуының күншығыс қыр шақ тұсына көз таратарлық етіп орнатылған ескерткіш құлпытастың тарихы туралы баяндалады. Зейнет демалысына шыққаннан соң Алматыдан елге бет алған кезекті сапарында жанындағы серігі Еркегали мен Кларада (Ерекеңнің жұбайы) Арқарлы асуынан өтер тұстағы осы орынды көрсетіп: «Есінде жүрсін деп бір әңгіме айтайын деп отырмын,-деді. – 1934 жылы Күләш екеуміз үйленгенде жазғы демалысымызды алып ат-арба шегіп Күләштi алғаш елге апара жатқанымда осы арада келіп, дастархан жайып едік. Күләшпен екеуміздің алғашқы дастархан жайған игі жеріміз осы еді. Сен оны біліп жүрсін деп айтып отырмын!,- деп қабағына кірбің ұялай отырып сыр шертері бар. Заманында Мәдениет министрі болған, билік тізгінін әжептәуір ұстаған, бертінде ұлтжанды жігіттердің көмегімен, сөзі өтімді Еркеғали ағамыз өз басы айрықша қастер тұтатын Қанекеңмен Күләштің дастархан жайып, дәм татқан жеріне ескерткіш белгі орнатуға ұйытқы болады. Бойында қазақы қаны бар, ұлт мәселесі деген жанын салатын кәсіпкер азамат (Кезінде солтүсік өңір – Павлодар мен Солтүстік Қазақстан облысында басшылық қызмет атқара жүріп, ұлттың ұпайын түгендеген) Қуат Есімханов өз қаражатымен сол тарихи орынға ескерткіш құлпытасты орнатады. Қызғылт гранит тастың жалтыраған бетіне айшықты етіліп: «Қазақтың әйгілі әншісі Күләштің Жетісу еліне келін ретінде алғаш келген сапарында Қанабек Байсейітұлы екеуінің ат шалдырып, дастархан жайған жері», -деп жаздырған. Сәл төменірек кесе – шәйнектері бар дөңгелек үстелдің суреті салынған. Айналасы ретке келтіріліп, жанына ақ мәрмәрдан орындық орнатылыпты. Мұнысы осында арнайылап тоқтағандар Қанекеңнің ұстанған жолымен дастархан жайып дәм татуына тудырылған жағдай іспеттес. Облыстық «Жетісу» газетінің биылғы санында ел тарихын, өнер шамшырақтарын қастерлейтін Қ. Есімханов сынды азаматтың сан қырын ашып көрсететін тұщымды мақала жарияланды. Өз басыма келсек, қазан айының басында Алматыда Қазақстан Жазушылар одағында жалынды ақын, қарымды жазушы, курстас дос інім Ғабиден Құлахметовтың (1955 -2006 ж.) туғанына 60 жыл толуына орай өткен еске алу кешінен оралу сәтінде Арқарлы асуының оң жағындағы көрікті ескерткіш белгіні көзім шалды. Осы сәт жоғарыдағы сыр-сұхбат сап етіп ойыма орала кетті. Жүйткіген таксидің жолаушысы болғандықтан, тоқтап, аялдауға Қанабек ағамыздың басқан өкшесінің ізі қалған жерін сезінуге мұрсат болмады. Әйтсе де, өз көлігі бар ағайындарға сол төңіректен өтер тұста сәл-пәл тоқтап, тізе бүгуін, өнер саласында өз халқы үшін аянбай еңбек еткен Қанабектей ағамызға құрмет көрсетуін сұрар едім.

Мақала тақырыбына ақын Қалижан Бекхожинның Қанабек ағасын еске алуға арнаған «Еріндерім кемсеңдеп» өлеңіндегі «Егіз гүлдей өскен өнер өрінде»,- деген жолды таңдауыма себеп болған егіз гүлдің сыңары, қазақтың бұлбұлы атанған әнші, СССР Халық әртісі Күләш Байсейітова (1912 – 1957ж.) екенін еске сала кету еді. Ақын осы жырында «Егіз гүлдей өскен өнер өрінде, құмар да жұрт екеуінді көруге. Мәз болып ек қос жұлдыздай екеуің, жарқ еткенде сахнаның төрінде»,- деп тіршілігінде жұбы жазылмаған қос саңлақтың өнер әлемінде жарық жұлдыз болғандығынан хабардар етеді. Қалай десек те, қазақ өнерінің тарихында Қанабек пен Күләш егіз ұғым, тау тұлғалар.

Халқымыздың «Ерсіз-ел бомайды, елсіз- ер болмайды», «Ер – елдің айнасы», «Белінің мықтылығы бір басына, еріннің мықтылығы – бір ғасырға» ,-деген мақалында үлкен мән-мағына жатыр. Жақсының аты өлмейді, тас түскен жеріне ауыр. Шеңгел де өз жерінде дүрілдейді. Жыл соңына дейін аудан көлемінде сахна тарланының туғанына 110 жыл толуын атап өтуге ұйғарым жасаған руханият жанашыры, ауданымыздың басшылық тізгінін ұстаған азаматқа айтар алғысымыз шексін. Қанабек ағамызға көрсетілер елдік шараның ауқымы кеңейе берсін демекпіз…

***Қараша ҚАРАМАН***

## АУДАН ӘКІМІ Қ. БИСЕМБАЕВТЫҢ
## Ауыл шаруашылығы егін саласындағы жұмыстарды субсидиялаудың 2015 жылға арналған ведомствоаралық комиссиясын құру туралы ШЕШІМІ

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы «Тұқым шаруашылығы туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағар май материалдарының және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» № 575 қаулының күшін жоюына байланысты 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы «Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» № 574 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 мамырдағы «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығы негізінде бюджеттік субсидиялауды жүзеге асыру мақсатында аудан әкімдігі

**ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Қаратал ауданы аумағында ауыл шаруашылық саласында 2015 жылға субсидияларды төлеу үшін ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің өтінімдерінің сәйкестігін тексеру және дайындау үшін ведомствоаралық комиссия келесі құрамда құрылсын:

**Тасыбаев Жәнібек Шоғалұлы** - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;

**Байғабылов Қанат Әмірханұлы** - ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, комиссия төрағасының орынбасары;

**Далдыбаева Маржан Бауыржанқызы** - ауданның ауыл шаруашылығы инспекторы, комиссия хатшысы;

**КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:**

**Қосжанов Сабыр Сейдахметұлы** - аудандық жер қатынастар бөлімінің басшысы;

**Артықбеков Саят Қалмұхаметұлы** - ҚР АШМ АӨК МИК аудандық аумақтық инспекциясының басшысы (келісім бойынша);

**Құсаинов Марат Жақанович**- Қаратал ауданы бойынша өнірлік кәсіпкерлер палатасының филиалы өкілі (келісім бойынша);

**Биболова Жамила Қабдолдақызы** - Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы;

**Мұсабеков Бауыржан Иманбекұлы** - Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы;

Қала және ауыл округ әкімдері.

Ведомствоаралық комиссиясының жұмыс органы болып аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі бекітілсін.

2.Субсидияланатын ауыл шаруашылығы басым дақылдарының түрлері бойынша көктемгі егістік жұмыстарын жүргізудің оңтайлы мерзімдері келесідей болып айқындалсын:

1). Дәнді дақылдар – 1 мамырға дейін соның ішінде күріш – 31 мамырға дейін;
2). Майлы дақылдар – 20 мамырға дейін;
3). Қант қызылшасы – 25 мамырға дейін;
4). Көкөністер мен бақша дақылдары – 25 мамырға дейін;
5). Жемшөптік дақылдар – 5 мамырға дейін;

Көктемгі егістік жұмыстарын жүргізу кезінде ауа райының қолайсыз табиғат құбылыстарына байланысты оңтайлы мерзімдер ұзартылуы мүмкін.

Басқа себептерге байланысты оңтайлы мерзімдер бұзылып егілген басым дақылдар субсидиялауға жатпайды.

3. Ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден құжаттар қабылдаудың мерзімін және басқа да қажетті мәліметтерді көрсете отырып,ведомствоаралық комиссияның жұмыс істеу тәртібін «Қаратал» (А.Өмірбаев) және «Бастау» (С. Даркенбаева) басылымдарына жариялауды қамтамасыз етілуі ұсынылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктелсін.

**7 қазанда аудандық әкімдіктің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Ж. Тасыбаевтың төрағалығымен «Қаратал ауданы әкімінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның отырысы болып өтті. Оған аудан әкімі жанындағы терроризмге қарсы комиссияның мүшелері, қала, ауылдық округ әкімдері, аудандық прокуратураның, ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, және БАҚ өкілдері қатысты.**

# ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Күн тәртібінде қаралған бірінші мәселе «Сотталған және жазасын өтеген адамдар арасында терроризмді және экстремизмді алдын алу жұмыстарын ұйымдастырудың шаралары туралы» Баяндаманы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы С.Амандосов және аудан бойынша пробация қызметінің бастығы Мұрат Тәңірбергенұлы жасады.

«Интернет және БАҚ арқылы терроризммен діни экстремизмге қарсы күрес шараларын ұйымдастырудағы идеологиялық жұмыстар барысы туралы» аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы С.Иманғалиева тыңдалды. Комиссия отырысында қаралған сұрақтар бойынша аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы М. Махатов, Үштөбе қаласының әкімі Қ. Есботанов, аудандық білім бөлімінің басшысы Қ. Қасымов, аудандық жастар саясаты орталығының жетекшісі Е. Накиповтар өз ойларын ортаға салды. Жиынды қорытындылаған Ж. Тасыбаев қойылған сұрақтарға жауап беріп, тиісті бөлім басшыларына тапсырма жүктеді.

***Бастау ақпарат***

## ЭЛЕКТРОННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ ПРАВ НА НЕДВИЖИМОСТЬ

Согласно Закона РК от 27.04.2012 года № 15-V «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам исключения противоречий, пробелов, коллизий между нормами права различных законодательных актов и норм, способствующих совершению коррупционных правонарушений» с 1 января 2013 года в республике внедрена электронная регистрация прав на недвижимое имущество.

Кроме того с начала 2015 года исключен альтернативный порядок обращения граждан по «бумажной» регистрации прав на недвижимое имущество через ЦОН в случаях, когда они возникают на основании, удостоверенной нотариусом сделки.

Все сделки в сфере недвижимости удостоверенные нотариусом в обязательном порядке направляются в электронном формате на государственную регистрацию в органы юстиции через Единую нотариуальную инсформационную систему (ЕНИС). При этом, исключен контакт между заявителем и государственными органами, а также сокращены сроки регистрации с 5 до 1-го рабочего дня.

Необходимо отметить, что электронная регистрация через ЕНИС распространяется только на сделки, удостоверяемые нотариусами. Остальная категория правоустанавливающих документов, к примеру, решения местных исполнительных органов, решения судов о признании права собственности, безнотариальные сделки регистрируются в обычном порядке через ЦОН.

Преимущество электронной регистрации для физических и юридических лиц заключается в отсутствии необходимости собирать документы, стоять в очереди и сдавать их в ЦОН. Также, электронная услуга снизит количество возбуждаемых административных дел. Ведь если гражданин не регистрирует свои права на недвижимость в течении шести месяцев, то в отношении него возбуждается административное производство для привлечения к ответственности в виде штрафа.

Так, по состоянию на 14 октября 2015 года в Каратальском районе проведено 356 электронной регистрации.

Введение данной процедуры направлено на укрепление и защиту прав собственности, создание благоприятных условий для реализации прав и свобод граждан и юридических лиц, а также в целом на благоприятное развитие экономики страны.

***Т . ТУРСЫНБАЕВ,***
***инспектор Управления юстиции Каратальского района,***
***член Союза юристов РК***

**Азаматтардың Қазақстан Республикасының конфессиалдық және ұлтаралық келісімнің, діни бірлестіктердің немесе қоғамдық ұйымдар туралы заңдарды білмеуінің немесе дұрыс түсінбеуінің салдарынан заң бұзушылыққа алып келетін теріс іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында оқырмандарға Қазақстан Республикасының заңдарын түсіндіріп кету қажет деп санаймын.**

# ЗАҢДЫ БІЛУ – МІНДЕТ

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясының 1 бабына сәйкес – Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның 5 бабы бойынша мақсаты немесе іс-әрекеттері Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады. Сонымен қатар, Конституцияның 20 бабында Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді делінген.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңының 5 бабы бойынша мақсаты немесе іс-әрекеттері Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңының 5 бабында Қазақстан Республикасының аумағында мақсаты немесе іс-әрекеттері Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған саяси партиялар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

Жоғарыда аталған Заңдардың тыйым салулары бойынша ұлтаралық қақтығыстардың өршуіне қандай да бір іс-әрекеттер немесе әрекетсіздіктер жасау жауапкершілікке әкеліп соғатынын көруге болады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 174 бабы бойынша әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты немесе алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана іс-әрекеттері үшін, аталған бабтың санкциясында 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру туралы қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

***М. Әбдіқажым,***
***аудан прокурорының көмекшісі***

## 19 октября - День спасателя

# КАЗАХСТАНСКИМ СПАСАТЕЛЯМ – 20 лет

**Ежегодно 19 октября в Казахстане отмечается «День спасателя». Этот праздник берет начало с 1995 г. В этот день Указом главы государства был создан новый орган - Государственный комитет по чрезвычайным ситуациям. За прошедшие 20 лет система чрезвычайного реагирования прошла большой путь, став важной составляющей национальной безопасности республики.**

Кто такой спасатель? Спасатель – «гражданин, подготовленный и аттестованный на проведение аварийно-спасательных работ» в зоне подверженной чрезвычайной ситуации.

В состав системы по чрезвычайным ситуациям входят воинские части Гражданской обороны, спасательные отряды, службы пожаротушения, военизированные горноспасательные, противофонтанные, газоспасательные, водноспасательные службы, селезащитные и авиационно-спасательные силы.

На страже города Уштобе и сельских населенных пунктов Каратальского района от пожаров и других чрезвычайных ситуаций стоит личный состав отдела по чрезвычайным ситуациям и пожарной части № 30 города Уштобе, общая штатная численность которых составляет 25 человек. На вооружении спасателей имеется 4 пожарные автоцистерны, в т.ч. 2 повышенной проходимости, и 2 единицы оперативно-легкового автотранспорта. Парк пожарной автотехники благодаря областному акимату в этом году обновился 1 новой пожарной автоцистерной АЦ-5-40 на базе IVECO.

Гордостью нашего коллектива являются Рустам Юмашев, Айдар Шарипбай, Бахытжан Жексембаев, Мусалим Жанагельдинов, Ербол Аринов, Айдос Алимбаев, Василий Алалыкин, Максим Дю, Игорь Глушков, Асхат Ембергенов и единственная представительница «прекрасного пола» Наталья Гайдамакина. Молодые специалисты Куаныш Досаев, Серик Малайсаринов, Жанибек Жексенаев, Ербол Керимкулов и Азат Рымжанов перенимают опыт у передовиков.

Руководят в настоящее время работой спасателей подполконик противопожарной службы Талгат Балшенов и майор противопожарной службы Азиз Жумашев.

Спасатели в своей работе равняются на своих ветеранов Лидию Васильевну Зубарь, Нижмакова Анатолия Яковлевича, Тулеуова Жаксылыка Турсуновича, которые большую часть своей жизни отдали противопожарной службе.

Спасатель - это не просто профессия, это призвание! Только мужественные, готовые к самопожертвованию, сильные духом люди получают право носить это высокое звание.

*В преддверии приближающегося праздника поздравляю ветеранов, своих коллег, а также аварийно-спасательные формирования Каратальского района с «Днем спасателя». Желаю крепкого здоровья, семейного благополучия, карьерного подъема и долгих лет жизни, ну и конечно «сухих рукавов»!*

***Александр Ли, подполковник п.п. службы***

# Наши в лидерах

Недавно в парке ветеранов города Талдыкорган прошли четвертые «кустовые» соревнования по легкой атлетике «Алтын күз». Их участниками стали студенты 11 колледжей Алматинской области. На беговых дистанциях внушительную конкуренцию своим сверстникам составили наши земляки из Бастобинского сервисно-технического колледжа. Так, юношеская сборная сумела принести в копилку района второе призовое место. Ну, а нашим девушкам в этот раз не было равных и они стали золотыми призерами состязаний. Кропотливый труд опытных тренеров Галины Тен и Жоламана Даутова и в этот раз принес положительные результаты. Ведь сборная бастобинцев заняла второе общекомандное место и прочно закрепилась в тройке лидеров среди колледжей области.

***Соб.корр***

# К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ РАЙОНА

*Каратальское районное отделение филиала РГП на ПХВ «Национальный центр экспертизы» КЗПП МНЭ РК по Алматинской области, аттестован Алматинским филиалом АО «Национальный центр экспертизы и сертификации», имеет свидетельство № 58/15 от 13. июля 2015 г. Имеется прейскурант цен, утвержденный РГП на ПХВ «НЦЭ» КЗПП МНЭ РК приказ № 71 от 24.08.2015 года.*

В связи с этим, как в системе выполнения государственного заказа, а также на платной основе по обращению физических и юридических лиц:

1. Выполняет санитарно-химические, органолептические, микробиологические, паразитологические, радиологические исследования, инструментальные замеры факторов внешней среды обитания человека.
2. Проводит необходимые виды дезинфекционных, дератизационных и дезинсекционных мероприятий.
3. Проводит гигиеническую экспертизу условий труда.
4. Проводит гигиеническое обучение декретированных групп населения.

Квалифицированный кадровый потенциал и хорошо оснащенная материально-техническая база, в т.ч. имеющееся новое лабораторное оборудование, полученное в рамках модернизации лабораторной службы по Программе реформирования, позволяет проводить экспертизу на качественном уровне и в установленные сроки.

**Наш адрес: г. Уштобе , ул. Рыскулова № 15**
**Телефон 8(72834) 32686, режим работы с 8.30 до 16.45 (обед с 13.00 до 14.00)**
**Прием анализов по бактериологическим и паразитологическим показателям до 10.30 ежедневно. Выходные: суббота, воскресенье.**

**Невозможно жить в одном государстве, а подчиняться законам другого. Основой нашего многонационального общества, является равенство возможностей для всех граждан, независимо от этнического или иного происхождения, вероисповедания и социального положения.**

# СНОВА О ХИДЖАБЕ

Наше главное богатство – единство в многообразии. Поэтому государство заботится о сохранении культурных и духовных традиций своего народа, как части национального достояния. Хотелось бы акцентировать внимание на то, что в последнее время в наших школах становится все больше приверженцев ношения хиджаба. Дети школьного возраста не должны ходить на занятия в хиджабах. Это противоречит традициям казахского народа. Религия напрямую влияет на мировоззрение и жизнь человека. Даже в светском государстве внедрение чужой идеологии культуры опасно, говорят эксперты. Поэтому необходимо все чаще призывать родителей соблюдать установленные законом общие нормы. Сегодня в нашей стране действуют около 3,5 тысяч религиозных организаций, 8 конфессий. Все они при этом обладают равными правами перед Конституцией и законами нашей страны. В частности, в соответствии с законом «Об образовании» все обучающиеся должны придерживаться той формы одежды, которая утверждена в этих учебных заведениях. Соответственно, эти требования законодательства одинаково важны для всех граждан нашей страны, в том числе и к относящимся к тем или иным религиозным объединениям. Каждое учебное заведение имеет устав, которым закрепляется ношение школьной формы**.** Было очень много вопросов по отношению формы одежды. Девушки казашки не должны закрывать свое лицо. Не было такого в казахской степи, ни в народных приданиях, ни в древних изображениях упоминания о такой одежде не найти. И родителям необходимо осознать это,и отнестись с пониманием. Девушкам, женщинам мусульманкам необходимо одеваться так, как велят наши казахские обычаи и традиции. Желательно не облачаться в одежду черного цвета. Маленькие девочки, облаченные в платки, в школе выглядят не уместно. Не забывайте, что безграмотность и недостаток образования может привести к большим ошибкам в жизни. Об истиной вере человека судят не по одежде, а по поступкам. Искренне верующего в первую очередь должна беспокоить чистота души, то есть содержания, а не форма.



***Б. КОГАМОВ,***
***руководитель Управления юстиции,***
***Член союза юристов Казахстана***

## Спорт

# ЛЕГКОАТЛЕТЫ РАДУЮТ РЕЗУЛЬТАТАМИ

**Летний сезон подходит к завершению, поэтому легкоатлеты все чаще проводят соревнования, намеченные в календаре. На прошлой неделе наши спортсмены вернулись с очередных стартов. Я попросил тренера районного ДЮСШ Дмитрия Шаповалова поведать читателям об итогах состязании. Вот, что он рассказал: «В г. Талдыкоргане состоялся традиционный осенний чемпионат Алматинской области среди юношей и девушек. Начало ему положил турнир, посвященный памяти завуча городской ДЮСШ №1 Махаббат Бесбаевой, большого знатока своего дела. Соревнования прошли по трем возрастным группам.**

В младшей ее части 2002 – 2003 годов рождения и ниже приняли участие наши воспитанники 2005 и 2006 годов Е.Толеухан (СШ №13), К. Кизимова (СШ имени Б.Римовой) и Вова Екимов (СШ №51). Несмотря на столь юный возраст Ерасыл сумел пробиться в финал бега на 60 метров, при этом впервые выбежав из 9 секунд. Результат 8,7 позволил ему выполнить норматив II юношеского разряда. Катя в коротком спринте попала в финальный забег, а в длинном на 200 метров сумела пробиться в призеры, заняв 3-е место, пропустив вперед Яну Нестеренко из г.Текели и товарища по команде Диану Желдыбаеву, более старших по возрасту и спортивному рангу. Вова, также удачно выступил в отдельных дисциплинах. Таким образом, юные легкоатлеты начали свой спортивный путь вполне успешно. Их первые старты показали, что при усердном занятии на тренировках, они могут прогрессировать быстрыми темпами. У них хорошие природные данные для роста. Среди возрастной группы 1998 – 99 годов рождения блеснула мастерством А.Рахымберлинова, учащаяся СШ №13, одержавшая яркие победы на средней 1500 и длинной 3000 метров дистанциях. Аружан была на голову сильнее своих соперниц, оставив их далеко позади себя. Она приблизилась к I-му взрослому разряду. Это означает, что в скором времени мы можем рассчитывать на более значительные достижения. В средней возрастной группе 2000 – 2001 г.р. в спринте (бег на 60 и 200 метров) не было равных нашей В. Бричевской. Виктория является серебряным и бронзовым призером чемпионата Республики Казахстан текущего года. От нее, естественно, мы ожидали высоких показателей, и она с лихвой оправдала доверие, не оставив никому малейших шансов для победы. Айгерим Унемдинова (СШ №13 ), только в прошлом месяце завоевала первое место на чемпионате Казахстана в беге на 600 метров. Свежеиспеченная чемпионка Республики была вне конкуренции на дистанциях 400 и 800 метров, причем, в беге на один круг она убежала от 2-го призера более, чем на 50 метров. Радует ее колоссальное преимущество над остальными. Талантливая бегунья при надлежащей работе может вырасти в добротного спортсмена – победителя. Н.Петров (СШ № 51) выиграл обе средние дистанции (800 и 1500 метров), взяв убедительный реванш у Елнура Абылайулы из г.Текели, которому уступил на предыдущем старте. Николай пробежал свои метры на уровне I-го спортивного разряда. Вслед за горцем финишировал Станислав Филиппов - перспективный восьмиклассник СШГ №51, показав очень приличный результат. Обидные поражения потерпели Дмитрий Медведев и Алексей Старицын (оба СШ им. Токаева). Первый в беге на круг на последних метрах, слегка потеряв бдительность, уступил сотые доли секунды Шлипке, а второй на скоростной дистанции 200 метров на финишном отрезке на полшага отстал от Гришина (оба г. Текели). Алексей вприбавок завоевал бронзу в беге на 60 метров.

Среди подростков 2000 г.р. и младше отличились Володя Епишев (СШГ №51) и Валерия Ляпина (СШГ Б.Римовой), победившие сверстников, соответственно, на дистанциях 600 и 1000 метров. При этом они показали высокий результат, заслужив внимание заинтересованных лиц из спортивного руководства. С медалями разного достоинства вернулись домой ученица СШГ имени Б.Римовой Таня Ушакова (серебро и бронза) и представительница СШГ №51 Диана Жолдыбаева (два серебра). Заключительный аккорд выступлению каратальцев поставил великолепный квартет бегунов в эстафете 4 х 100 метров в составе Д.Жолдыбаевой, В.Бричевской, А.Унимдиновой и Л.Еремеевой. Этот состав, усиленная А.Рахымберлиновой, в эстафете 100 х 200 х 300 х 400 метров в последнее мгновенье вырвал победу у команды г.Талдыкоргана. Аружан на последнем круге, взвинтив темп, оставила не у дел горожанок. Вот таким ярким было выступление наших школьников. Легкоатлеты занимаются под руководством тренерского триумвирата, многое повидавшего Волкова С.Б., молодого дарования Шаповалова Д., действующей спортсменки и начинающего тренера Людмилы Шаповаловой.

***Жексенбек СУЛТАНБЕКОВ***